



## Үйірме жұмысы туралы ережелер

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже «Керемет» бастауыш мектеп- балабақша кешенінің үйірмелер жинақтау және ұйымдастыру тәртібін белгілейді.
- 1.2. Үйірмелер бірыңғай тәрбие кеңістігін қалыптастыру, әртүрлі қызмет түрлерінде жеке тұлғаның қалыптасу процесін жүзеге асыру, білім алушыларды әлеуметтік қорғау және сабақтан тыс іс -әрекеттерді жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.
- 1.3. Ағымдағы жылдың үйірмелер кестесін мектеп директорымен бекітіледі.
- 1.4. Үйірмелер жұмысына жалпы басшылықты директордың ТІ жөніндегі орынбасары лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.
- 1.5. Осы Ереже ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленді.

### 2. Мектеп үйірмелерінің жұмысының мақсаты

Үйірме жұмысы білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және практикалық бағыты бар.

Мектеп үйірмелерінің мақсаты;

- балалардың дарындылығын анықтау және қолдау;
- оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту, олардың зияткерлік, адамгершілік және дене бітімін жетілдірудегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты және -қауіпсіз өмір салтының мәдениетін қалыптастыру, денсаулықты нығайту, сондай- ақ олардың бос уақытын ұйымдастыру;
- білім алушылардың қоғамдағы өмірге бейімделуін және кәсіптік бағдарлауын қамтамасыз ету;
- сабақтан тыс уақытта білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру.

### 3. Қызығушылықтары бойынша үйірмелердің міндеттері

- 3.1 Үйірмелердегі сабақтар нақты тапсырмаларды шешуге ықпал етеді:
  - тәрбиеленушілердің тұлғалық-адамгершілік дамуы мен кәсіби өзін-өзі анықтауы;
  - әлеуметтік қорғауды, қолдауды, оңалтуды және қоғамдағы өмірге бейімделуді қамтамасыз ету;
  - балаларды азаматтыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, Отанға, табиғатқа, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
  - балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін неғұрлым толық қанағаттандыру, олардың денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау.

### 4. Үйірмелерді жинақтау тәртібі

- 4.1. Үйірмелерді (секцияларды) жинақтау ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіне дейін жүргізіледі, бірақ жыл бойы үйірмелерге (секцияларға) қосымша қабылдау жүргізілуі мүмкін.
- 4.2 Үйірмелер мектептің штаттық кестесіне байланысты қалыптасады.
- 4.3 Науқастанған немесе санаторий курорттық емделуден өткен жағдайда білім алушыларға үйірмеде орын сақталады.

4.4. Әрбір білім алушы әртүрлі бағыттағы үйірмелерге қатысуға, сондай-ақ оқу бағытын өзгертуге құқылы.

4.5. Оқушылар спорт секциясына қатысуына баланың денсаулық жағдайы туралы осы спорт түрімен айналысуға рұқсат беру үшін медициналық қорытындыны ұсынады.

4.6 Қосымша жалпы білім беру бағдарламасы келесі бағыттарға бола алады:

- Көркем-эстетикалық.
- Ғылыми-техникалық.
- Әскери-патриоттық.
- Экологиялық-биологиялық.
- Дене шынықтыру-спорттық.
- Жаратылыс ғылыми.
- Туристік-өлкетану.

## 5. Үйірмелер қызметтерін ұйымдастыру тәртібі

5.1. Үйірмелер мен секциялардың оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 31 мамыр аяқталады.

5.2. Үйірмелердің кестесі педагогтар мен білім алушылардың жұмыспен қамтылуын және санитарлық талаптары мен нормаларын ескере отырып құрастырылады.

5.3 Жаңа оқу жылында үйірмелер жұмысына дайындықты үйірме жетекшілері алдыңғы жыл аяқталғанға дейін жүргізеді.

5.4 Үйірмелердің жетекшілері сабақ кестесін құрастыруына бекітілген үйірмелердің жұмыс бағдарламаларын ұсынады.

5.5 Үйірмелер мен секциялардағы сабақтар кестеге сәйкес өткізіледі, оны оқу жылының басында үйірме жетекшісі санитарлық ереже нормаларына сәйкес оқушылардың демалысы мен еңбек тәртібін ескере отырып жасайды. Кестені мектеп директоры бекітеді.

5.6 Үйірмелер жұмысы мектептің әдістемелік кеңесімен қабылданған бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Үйірме бағдарламасын әзірлеу кезінде жетекшілер қосымша білім беру мекемелерінің үлгілік (ҚР Білім Министрлігі ұсынған) бағдарламаларын немесе дербес әзірленген бағдарламаларды пайдалана алады.

5.7 Үйірмелер жұмысының нәтижелері жыл бойы концерттер, көрмелер, жарыстар, сыныптан тыс іс-шаралар ретінде қорытындылайды, конкурстар мен олимпиадаларға қатысады.

5.8 Үйірмелердің қызметі туралы ақпарат ( үйірмелердің кестесі, үйірмелердің қызметі туралы анықтамалар) мектеп сайтында және мектеп инстаграммасында орналастырылады.

6. Үйірмелермен және секцияларды басқару

6.1. Үйірме жетекшісі үйірмеде білім алушылардың қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.

6.2. Үйірмелер жұмыстарының жалпы басшылығын директордың ТІ жөніндегі орынбасары лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

7. Құжаттама мен есеп беру

7.1 Үйірме жетекшілерінің жүргізетін құжаттары:

- мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген оқу бағдарламасы;
- үйірме жұмысының журналы;

7.2. Директордың ОТИ жөніндегі орынбасары үйірмелер жұмысын тақырыптық тексеріс өткізеді:

- тоқсанына бір рет журналдар тексереді;
- үйірме сабақтарына кіреді;
- білім алушылар мен ата-аналарға (заңды өкілдерге) қазіргі бар үйірмелердің жұмысына қанағаттанушылық жағдайын зерттеу және жаңа үйірмелерді ұйымдастыруға әлеуметтік тапсырыс беру мақсатында сауалнама жүргізу.

8. Еңбекті қорғау ережелерін орындау.

8.1. Үйірме жетекшісі білім беру процесін қауіпсіз ұйымдастыруына жауапты, сабақ өткізу кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты.

8.2. Төтенше жағдай туындаған жағдайда тәрбиеші:

- басшылықты ТЖ пайда болғаны туралы жедел хабарлар етеді;
- балаларды эвакуациялау кезінде қатысады;
- зардап шеккендерге дәрігерге дейін көмек көрсетеді.